

«Бекітемін»
 Қазақстан Республикасы
 Білім және ғылым
 вице-министрі
 Б.А. Асылова
 « 7 » / 03 2018 ж.

**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
 «Қазақ тілі» (оқу орыс тілінде жүретін мектептер үшін) пәнінен 9-сыныпқа арналған
 тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған құжат.

ОЖСБ аясында функционалдық сауаттылықты бағалауға арналған тест тапсырмалары қолданылады (оқу сауаттылығы).

1. Мақсаты: 9-сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша дайындық деңгейлерін бағалау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 10, екінші деңгейде – 7, үшінші деңгейде – 3 тапсырма.

Қазақ тілі пәні бойынша тест тапсырмалары Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасына сай құрастырылған.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Лексика	01	Сөз бен мағына	01	Сөздің тура және ауыспалы мағыналары, көп мағыналы сөздер
				02	Тұрақты тіркестер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер
				03	Антоним, синоним, омонимдер
02	Фонетика	01	Дыбыстар жүйесі	01	Дауысты дыбыстар, жіктелуі
				02	Дауыссыз дыбыстар, жіктелуі
		03	Үндестік заңы	01	Ашық, тұйық, бітеу буындар
				02	Дыбыс үндестігі
03	Сөзжасам	01	Түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз	01	Түбір сөз
				02	Жұрнақ. Туынды түбірлер мен түбірлес сөздер
				03	Біріккен сөздер, тіркесті сөздер, қос сөздер
04	Морфология	01	Зат есім	01	Жалпы, жалқы зат есім
				02	Негізгі, туынды зат есім
				03	Зат есімнің жалғаулары
		02	Сын есім	01	Негізгі, туынды сын есім
				02	Сын есімнің түрлері. Қатыстық, сапалық сын есім
				03	Сын есімнің шырайлары
		03	Сан есім	01	Сан есімнің мағыналық түрлері
		04	Есімдік	01	Есімдіктің түрлері
05	Етістік	01	Болымды, болымсыз етістік, салт, сабақты етістіктер		
		02	Негізгі, туынды; дара, күрделі етістік; тұйық етістік		

				03	Етістіктің шақтары
				04	Етістіктің райлары
		06	Үстеу	01	Үстеудің мағыналық түрлері
		07	Шылау	01	Шылау түрлері
05	Синтаксис	01	Сөйлем мүшелері	01	Тұрлаулы мүшелер
		02	Жай сөйлем	01	Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі (Лепті, сұраулы)
				02	Жай сөйлемнің түрлері (Жалаң, жайылма)
		03	Құрмалас сөйлем	01	Салалас құрмалас сөйлем
				02	Сабақтас құрмалас сөйлем
04	Сөз тіркесі	01	Сөздердің байланысу тәсілдері, сөздердің байланысу түрлері		
06	Оқу сауаттылығы	01	Мәтінмен жұмыс	01	Мәтінмен жұмыс

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Оқу бағдарламасы бойынша оқушылар қазақ тілі курсынан меңгеруі тиіс:

1) лексиканың тіл біліміндегі орны мен маңыздылығы, сөздердің мағыналық топтарына қарай түрлері, лексикалық терминдерді дұрыс ажыратып, орынды қолдана, т.б. білуі;

2) фонетиканың тіл біліміндегі орны мен маңыздылығы, фонетикалық ұғымдардың мәні, сөз құрамындағы дыбыстардың түрлері және олардың жіктелуі;

3) түбір сөз бен туынды сөздің белгілері, тіркесті сөздердің ерекшеліктері және емлесі, қос сөздер, біріккен сөздер, т.б. емлесі;

4) морфологияның тіл біліміндегі орны мен маңыздылығы, сөз таптарының өзіндік белгілері және бір-бірінен айырмашылықтары, сөз таптарының мағыналық топтары, сөз құрамына қарай талдау жасай білу, сөйлемге морфологиялық талдау жасай алу, сөз таптарының түрлену заңдылықтарының сөз мәдениетімен бірлігін тани алу, морфологияға қатысты тілдік ұғымдардың мәнін анықтау;

5) синтаксистің тіл біліміндегі орны мен маңыздылығы, сөз тіркесінің өзіне тән белгілері, тіркесу тәсілдерін ажырату, сөздердің байланысу тәсілдері, сөйлемнің мағынасына және құрылымына қарай бөлінуінің жолдары, сөйлем мүшелерінің түрлері, сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне тән белгілері, сөйлемге синтаксистік талдау жасай алу;

6) Оқу сауаттылығы - мәтін мазмұнын түсіну, ұғыну, жазбаша мәтіндерді ой елегінен өткізу. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, өз ойын қорыта білу.

4. Тапсырмалар формасы:

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 15 тапсырмадан және оқу сауаттылығына арналған 5 тапсырмадан тұрады.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 20.

6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 9-сыныптарында апробациядан өтеді.